

САЙРАН ӘБУШӘРІП

РУХАНИЯТ ЖӘНЕ ӨРКЕНИЕТ

В статье автор анализируя сложившиеся в каждой науке системы мышления и познавательные исследовательские методы о цивилизации и культуре делает собственные выводы.

Yazar maneviyat ve medeniyet hakkında birkaç bilim dallarında oturmuş olan düşünce sistemi ve araştırma metodlarını inceleyerek kendi fikrinide sunmaktadır.

Зерттеушілер өркениет пен мәдениетті, олардың ара-қатынасын ғылымның әрбір саласында орныққан дүниетанымның түрі, ойлау жүйесі мен танымдық зерттеу әдістеріне орай түрліше түсіндіреді. Олардың пікірлерінің бәрін терістеуге болмайды, өйткені айтылған әрбір пікір өркениет пен мәдениеттің белгілі бір жақтарын белгілеп, бейнелей алған. Сондықтан да мәдениет пен өркениетке берілген анықтамалар мен сипаттамалардың көптігіне таң қалмай-ақ, белгілі бір тұрғыдан айтылған жан-жақты ой пікірлерді инабатқа алуымыз керек.

Мәдениет – сан-салалы феномен болып, оның адамзат болмысының барлық жақтарына қатысының бар екендігі уақыт өткен сайын мойындалуда [1]. Сондықтан оның басты, басыңқы жағын анықтап алғанымыз жөн болар. Әрбір мәдениетті негізінен құндылықтар, мағыналар, рәміздер әлемі деп білуіміз керек. Олай болса, мәдениет пен өркениет бөлек-бөлек дүниелер болып табылады. Бірақ, өркениеттің мәдениеттен туындайтынын естен шығармауымыз керек және оларды бір-бірінен мүлдем ажыратып қарастыруға болмас. Өркениет шынында да мәдениетпен біте қайнасып өскен феномен болғандықтан да, оның жалғасы іспетті көрінеді. Сонымен бірге бір тұрғыда мәдениет ретінде қарастырылатын құндылық екінші бір оралымда өркениетке жатқызыла қабылдануы мүмкін.

А.Лесли Уайт айтқандай, мәдениеттің энергетикалық типологиясы бойынша, мәдениет – энергияны ұйымдастырудың формасы. Адамзат тарихы – бұл энергияны меңгерудің тарихы. Ал, өркениет – бұл мәдениет дамуының нақты дәрежесі, мәдениеттің нақты типі деген пікірге қосылмасқа болмайды [2. 9]. Бұл орайда өркениетті кең мағынада – руханияттық пен әмбебаптық бағытындағы әлеуметтіліктің жоғары типі ретінде күллі қоғамдық организмнің жетілуі, адамдардың мәдени қауымдастыққа жататындығын білдіретін ең ауқымды деңгейі ретінде түсіну де белең алған (А.Тойнби).

Дегенмен өркениеттің басқаша талқыны да бар. Әсіресе, әдеттегі сана деңгейінде өркениетті, өркениеттілікті саналы, парасатты әрекетпен, қазіргі заманға, заманға үйлесімді шешім қабылдаумен тәндестіру етек алған.

Біздің қазақтар да қазір құдайға шүкір, уақыт басқаша, алға жылжыдық, ілгеріледік. Енді бізді өркениетке лайық қадамдар күтіп тұр деп жатады

емес пе?

Өркениетті қоғамның техникалық даму деңгейі, материалдық жағдайы тұрғысынан қарастыратын зерттеушілердің қарасы әжептәуір. Шынында да өркениет заманы техниканың, адам мен қоғам өмірінің барлық салаларына ентелей және қарқынды енуімен, рухани құндылықтардың адам тіршілігіндегі орнының барған сайын төмендеп, адамның өзі техниканың бір тетігіне айналып бара жатқандығымен сипатталынады. Бұл – өмір өзінің табиғилығын жоғалтты деген сөз. Өркениеттің осынау сипаты, әсіресе Батыс Еуропа халықтары және солардың шылауында жүргендердің немесе әсеріне қатты ұшырағандардың табиғаты мен тыныс-тіршілігіне дөп келеді. Олардың сан ғасырлық дәстүрлі мәдениеттері – мағына-рәміздерінен бүгіндері там-тұмдаған әрекеттегі нәрселер ғана қалған. Көрініп тұрғанындай, жоғарыда сөз болған ыңғай өркениеттерді тек техникалық құрал-жабдықтар мен шаруашылық типтерге қарай орайластырады. Бұл да ішінара барлық қоғамда, өмірде бар нәрсе, сондықтан оны да терістеуге болмас, әрине. Бірақ өркениеттің басқалай түрлі деңгейлері мен өлшемдері болады. Бұл ретте Хантингтонның теориясы мәселенің қыры мен сырына біраз сәуле түсіргендей әсер қалдырады.

Өркениеттің бірсыпыра халықтарға тән ортақ құндылықтардан құралатыны да рас. Сонымен бірге олардың жасанды түрде басқа халықтардан ауысып тұратынын, өркениеттің өзінің жүйекұраушы негізгі бөлігі мен қызметінің өмірден табылатынын мойындауымыз керек. Бұл ретте мұсылман өркениетінің ислам діні және бірсыпыра халықтардың мәдениеттері жетістіктерінен құралғандығын айтсақ та жеткілікті. Гәп өркениетті рухани-әлеуметтік тұрғыдан түсіну қажеттігі жөнінінде болып отыр. Мұнда ұжымдық өмірдің діни-әлеуметтік реттелуінің маңызы мойындалуы керек. Өйткені, мәдениет дегеніміз – адамның адамдармен қатарласа өмір сүруінің тәсілі. Жалпы, өмірде болу дегеніміз – қарым-қатынаста болу деген сөз. Адамның өзі өзіне жеткіліксіз, сондықтан ол басқаларға мұқтаж. Ендеше қарым-қатынас негізінде ғана бұл әлемдегі барлық құндылықтар дүниеге әкелінеді. Ал, қарым-қатынастар белгілер, рәміздер арқылы жүзеге асып жатады.

Себебі адамдар тұрмыстық жағдайын рәміздер мен белгілердің жәрдемі арқылы жасап алады. Олардың арасын дәнекерлеуші зат, құбылыс, процес рәміз болып саналады.

Адам басқалармен бірлесе отырып өмір сүреді. Мұның бәрін реттейтін, бәріне жаңа леп, жанды қозғалыс бағыштайтын феноменнің атауы – әлеуметтік руханияттылық.

Алайда, күллі мәдениеттің мазмұнын, барша бөліктерін анықтайтын оның бір немесе бір-екі басты-басыңқы құндылық-қағидасы болуы керек. Баласағұнидың мына сөздері бүкіл мәдениеттің мән – мағынасын, сондай-ақ

білімділік, өркениеттілік, адамгершілік біткеннің бәрін өзінде сыйдырып тұр:

Адамға екі нәрсе керек тегі,

Бірі тіл, бірі ділі жүректегі.

Ал біздің қазақта бұған үндес келетін өлең жолдары жеткілікті:

Әке болып қайтесің,

Ұл тілінді алмаса.

Адам болып қайтесің,

Жүректе жылу қалмаса.

Иә, дүбірі мен дүрбелені мол XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басы еліміздің өміріне күтпеген тарихи тосын өзгерістер ала келгені белгілі. Соған орай қоғамдық қатынастар да түбегейлі өзгеріске ұшырады.

Бірақ, халқымыздың мәдени мұрасы бүгінгі тұрмыс-тіршілігімізбен өзектес болып қала береді. Өйткені, бұл мұра – үздіксіз қозғалыс-күрес, еңбек, төгілген маңдай тер мен ой-сезімнің нәтижесі.

Сондықтан, ол елдің прогрессивтік дамуына кепіл бола алар еді. Құдайым, табан тірер жеріңнің, айналып табар қазығыңның жоғынан сақтасын. Иә, “туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас” деген қанатты сөз – нағыз шындық. Р.Ғамзатов айтқандай, туған ананды басқа біреуге ауыстыра алмассың. Өйткені, жоғарыда сөз болған мұраны тек туған еліңнен ғана таба аларсың. Бұл мұрадан айрылып қалмау үшін азғындар мен азғырушылардың тәлкегіне түспеу жағын мықтап ойлану керек.

Қазақ болып қалу үшін, қазақ болып туылу аз. Ол үшін адамның қазақ мәдениетінің субъектісі, яғни жасаушысы, сақтаушысы, алып жүруші-тұтынушысы, ұрпақтан ұрпаққа жеткізушісі бола білу шарт. Жалпы, ұлттық болмысымызды, елдігімізді, өздігімізді сақтап қалудың негізі, кепілі, шарты – мәдениеттің дін аман болуы, оның ішінде бірінші кезекте дін, діл, тіл, мінез-құлық, дәстүр мен әдет-ғұрыптар тұрады. Құдды мәдениеттің өзі ұлттық рухымызды өршітіп, өздік санамызды қалыптастырудың тереңде жатқан негізі, іргетасы саналады. Мәдениет жойылса, халық та жойылмақ. Ендеше, қазақтың қасіреті тіл ғана емес.

Адам әлемі – оның мәдениетінің әлемі. Адам болу – мәдениетті болу деген сөз, бір мәдениетті игеру деген сөз. Адам болу сөзін қазақтарға қарата айтатын болсақ, ол қазақ болу мағынасын береді. Өйткені, қазақ мәдениеті – ата-бабаларымыздың өндірістік, әлеуметтік, саяси және рухани тәжірбиесінің жиынтығы. Ендеше, қазақтың әрбір ұрпағы өзін, өндірісін, өсуін тақыр жерден бастамай, бабалар жасап, қалдырып кеткен іргетасқа екі аяғын нығыздай тірей отырып дамыта алады. Даму дегеніміз – алдыңғының сапалы жақтарын сақтай отырып, оларды жаңа жағдайға бейімдей өзгерту. Бұл сапалы жақтар адамдардың өздеріне керек. Өйткені, ертең және есейген шақта ана қым-қуыт өмірге осы сапалы жақтарды бойға сіңіре отырып,

бұрынғылардан үйренген, жас кезінде қалыптастырған дағдылармен аттанады. Бұл – осынау қасиеттерді болмысына жинақтаған жандардың бойына алдан енді қандай қиыншылық пен ауыртпалық кездесе де дәстүрден айнымай шыдас бере алатындарына сенім ұялатады.

Осынау мәдениет арқылы, тәжірбие арттырудың арқасында адам одан әрі сана-сезімін нығайтып, тұрмыстағы кездесетін күйкі-тіршілік ауыртпалықтарына қарсы тұра алатын қабілет-қарым жинайды.

Мәдениет инстинктілі емес. Ол негізінен биологиялық жолмен дарымайды. Мәдениет дағдылар мен бейімділіктердің жиынтығынан құралады, яғни әрбір адамның тәлім алуы, үйренуі мен машықтануы арқылы ұрпақтар жалғастығы қамтамасыз етіледі. Адамдардың үйреншікті дағдыларының көпшілігі ана арқылы балаға, ұрпақтан-ұрпаққа өтеді және олар уақыт өте келе тұрақтанады. Тәрбие дегеніміз дағдылар мен білім беру ғана емес, сонымен қатар баланы әлеуметтік өмірге бейімдеу үшін, оның биологиялық импульстерін (құлшыныс-құмарлықтарын) ретке келтіру болып саналады. Мәдениет қауымдастықтың тіршілік етуін қамтамасыз етуге тиіс болып, топтық ауызбіршілік сезімін, әлеуметтік бақылау механизмін, айналадағы жаудан қорғануды ұйымдастыру және халықтың өсімін қамтамасыз етуге бағытталған феномен. Ол адамдардың қарым-қатынастарын реттеп, танымдық, коммуникативтік, әділетті орнатушылық және т.б. қызметтерді атқарады.

Әрине, мәдениет те қоғамның өмір сүру жағдайына байланысты өзгереді. Бұл көбінесе, табиғат жағдайларына қуаншылық, індет, қоғамдық сілкіністер мен қырғын соғыстарға, тарихи оқиғалардың жойқын әсерімен, не болмаса көршілердің шапқыншылық жорықтарының нәтижесінде халықтың бодан болып, солардың мәдени ықпалына түсуінің әсерінен жүзеге асады.

Бірақ, бұл орайда өзгеріске көп ұшырамайтын діннің орны мен рөлі бөлекше. Жұмыр жерде өмір сүргендердің қиналмайтыны жоқ. Міне, соларға дем беріп, үміт шоғын лаулататын да – дін. Адамның жан тыныштығын орнықтыруға септесіп, тепе-теңдігін сақтауды қамтамасыз ететін Исламның мына бір – “көршісі аш жүргенде тойып ұйықтайтын адам мұсылман емес” деген қағидасын еске алайықшы. Дін, деген еді орыс мәдениетінің патриархы саналған акад. Лихачев, «кез келген мәдениеттің діңгегі» (стержен).

Мәшһүр Жүсіп Көпеев: «қазақтар мұсылмандыққа жеткенде ғана ел болады», деп тегіннен тегін айтпаған. Тойнби де «Батысты, Европаны жалпы дағдарыстан, рухани құлдыраудан құтқаратын күш – дін» деген. «Қазіргі уақыттағы өркениеттер қақтығысында дін шешуші рөл ойнайды», – деп тұжырдды С. Хантингтон.

Француз ағартушысы Жан Жак Руссо сонау XVIII ғасырда-ақ айтып кеткендей, «адам әуелі Құдайдың ақиқат екенін танып алмай, адамгершілікке, ізгілікке жете алмайды» ғой. Осыдан-ақ діннің өркениеттегі

жүйе құрастырушылық қызметі мен рөлі аңғарылғандай. Мұны адамның байлығы жиғанында емес, иманында деген тіркес және айқындап тұр.

Араб өркениетінің қалыптасуы, деп жазды атақты американдық антрополог, мәдениеттанушы Кребер Алфред Луие, Мұхаммед тарапынан жасалған идеялар жүйесінен басталады. Оған дейін араб мәдениеті лирикалық мәдениетін есептемегенде, ешқандай сапалы көз тартатынды емес еді. Ислам орнықтырылғаннан соң кең масштабтағы мәдени материалдарды игеру басталды, философия, ғылым, әдебиет пен сәулет өнері дами бастады. Дегенмен, бұлар негізінен парсылықтар, сириялықтар, египеттіктер және т.б. шығармашылығы болды, оларды ең алдымен өздерінің тілдері мен діндері, содан соң дәстүрлерімен толықтырылған жаңа-жағдайдағы тіл мен діннің ортақтығы біріктірді.

Бірақ, арабтар мәдени шығармашылық сахнасынан тым тез кетті... Шынымен араб мәдениетінің ерекшелігі болып, мұсылмандық діни жүйе кейіннен айналасындағы күшті және бай өркениетті ең жалғыз құбылыс болып табылды. Бұл қатынаста – адам сенімі мен тәртібіне байланысты формулалар кешені ірі мәдениеттің дамуы мен оның өзегі болып қызмет етті [3]. Иә, ішкі өзгеріс адам өміріне мағына-мақсат беретін сенімнің пайда болуынан туындауы қажет, бірақ бұл сенім біздің өмірімізде ғылыми жолмен алынған фактылармен жақсы таныс, ақыл-ойға жетік адамның сенімі болуы тиіс. Сонымен бірге мұндай сенім қоғамдық ынтымақты және адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, жалпыға ортақ жүйедегі мақсат-мұраттарды орнықтырып, символды түрде қалыптастыратын дін жолымен жүзеге асады. Бұған, әсіресе, техногендік өркениет жағдайында, адамгершілік қасиеттер азайып бара жатқан заманда қоғам зәру. Әрине, дерлік 1400 жыл бойы халықтардың басым көпшілігінің сеніміне, ар-ұжданына айналған ислам дінінің қоғамды көгертіп, көтеретін әлеуметінің әжептәуір екендігіне тарих куә. Иә, ислам халықтарды азғындықтан сақтап, оларды бір діни, керек десеніз өркениеттік ынтымақтастыққа топтастыра алды.

Соған қарамастан жақында ғана Рим Папасы Бенедикт XVI-ның айтқанындай, ислам найзаның күшімен таралып, зұлымдық ұрығын сепкен дін емес еді. Ол мұны XIV ғасырда ғұмыр кешкен Византия императоры айтты ғой деп қарап тұрды емес пе?

Діннің атқаратын негізгі қызметі адамдарды құдайдың заңдары мен жол-жоралары бойынша өмір сүруге үйрету, дағдыландырумен бірге, олардың бірлестігін қалыптастыру және қарым-қатынастарын реттеп, жақсартумен байланысты екендігі белгілі. Әрине, діннің негізінде жатқан басты фактор – сенім. Ол – қасиетті, мәңгілік, өзгермейтін деп есептелінетін құбылыстарға, Аллаға және оның елшісіне деген сенім. «Мен Құдайға сенемін» деп айту үшін адам өзін Құдаймен байланыстыра сезінуі қажет, оған бүкіл жан-тәнімен бет бұруы керек. Сенім белгілі бір мағынада адамның өзін-

өзі тәрк етуін, өзін «кұрбандыққа» шалуды білдірері хақ. Демек, біз кез келген мәселені қарастырғанда оның діни аспектілеріне мән бере білуіміз керек. Дін адамдарға, олардың кім екендіктерін және кімдердің қоғамды басқарып отырғандығын анық көрсетіп, елде-жерде тыныштықтың, әділеттіліктің, көркемдік-үйлесімділіктің, шындықтың, тазалықтың, халалдықтың салтанат құруына жәрдемдеседі. Сондықтан жүректерге иман үйірілсе әлем нұрға бөленер еді.

Белгілі бір қызметтер атқаратын материалдық және рухани мәдениеттің діңгегі болып табылатын діннің қоғамдағы алар орны айрықша екендігін түсіну ғанибет. Әрине, мәдениеттің ішкі себептерін ашу олардың басқа түрлерге өтуінің негіздерін көрсету, оның интеграцияланып баруы, ассимиляцияға ұшырауы, дамуы немесе солғын тартып баруы сияқты процестерді зерттеудің маңызы зор. Бір қоғамның ішіндегі түрлі топтардың ұстанған құндылықтарына зер салып қарастыру қажет-ақ. Батыс өркениетінің келешегі және оның басқаларға өтіп жатқан азғындатушылық әсері де назардан тыс қалмауы керек.

Әсіресе, қазіргі дүниежүзілік мәдениеттің жай-жапсарын тілге тиек ету маңызды. Оның ішінде бұқаралық мәдениет пен техногендік мәдениеттің гуманизмді әлсіретіп бара жатқандығы әмбеге аян.

Адам, оның дүниедегі орны мен рөлі, адамдық өмірдің мақсаты мен мағынасы – мұның бәрі мәдениеттің шынайы көрінісі, оның дамуының орталық линиясының бірі болып табылады. Гуманизм – бұл мәдениеттің сапалық өлшемі, оның шынайылығының көрсеткіші.

Адамгершіліктің (гуманизм) нақ өзі мәдениеттің ішкі мәнін бейнелейді және мәдениеттіліктің сапасы белгілі бір құбылыстың сырқы пішінімен емес, оның мазмұнының адамгершіліктік сипаттарымен анықталады. Латын тіліндегі “*Humanus*” сөзі адамдық, адамгершіліктік (homo-адам) деген мағынаны білдіреді. Қазіргі уақытта бұл ұғым адамдық тұлғаның жоғары құндылығын, дәйектерін, идеялар жүйесін білдіреді. Гуманизмнің басты қағидасы әрбір адамның еркін, бақытты өмір сүруге, өзінің қабілеттерін жетілдіруге және жүзеге асыруға деген құқығын мойындаумен байланысты. Гуманизм адамдар, халықтар арасындағы қарым-қатынастар нормаларының теңдік, әділдік және адамды сүю қағидаларына негізделуін қалайды.

Бірақ, секуляризация белең алып, діни сенім адам өмірі, экономика, саясат, ғылым мен мәдениеттен тым алыстап бара жатқан уақытта қоғамды, адам болмысын осынау сеніммен сәйкестендіруге деген ұмтылыс байқалуда. Әйтсе де ғылым мен техника (мысалы, клондау) қарқынды дамып жатқан қазіргі дүниеде бұл үдеріс табысты, жеткілікті жүріп жатыр деуге болмайды. Бұл қайшылықтың сипаты, барысы адамзат болашағын айқындаса керек. Бұдан тысқары қазіргі адамдардың өмір сүруін техникамен, материалдық ортамен шектеп қойып, оны индивидтің тек физикалық өмір

сүруі ғана деп білу бұл қайшылықты үдете түседі. Сондықтан жақсылық жасауды өмір сүрудің, ойлау мен іс-әрекеттің, сондай-ақ моральдың және т.б. негізі етіп алу арқылы бұл қайшылықтың шешімін табуға болатын сияқты. Қалай болғанда да адам болмысының бетер заттануы, оның затқа артықша ден қоюы, жалпы, дүние біткенге өзімшіл астамшылықпен қатынаста болуы болашаққа деген күмәнді-тұманды сейілте алмасы анық.

Бұларға тосқауыл қоюдың жолын кейінгі Исламнан таба аламыз. Л.Н.Толстой айтқандай, “кез келген ақыл иесінің өмірде табан тірейтін нүктесі – Ислам”. Ендеше, Өркениет те Руханият тұрғысынан түсіндіруді тілейді. Өркениет пен мәдениет сан сипатымен көрінетіндіктен, олардың бәрінің байлауы – дін, діл және тілде деп білеміз.

Қазіргі дүниеде құқық нормаларынан басқа діни өсиеттер, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер негізгі әлеуметтік регулятивтер болып қала береді.

С.Смайлс жазғандай, “Әділін айту керек ізгіліктігі, адамгершілігі (нравственность) жоғарылаудан тоқтаған халықты өлді деп есептеуге болады” [4. 27]. Әрине, қоғамдық проблемаларды шешудің вариантын таңдау халықтың осы саладағы тәжірбиесіне байланысты. Ізгіліктік (нравственно) – гуманистік мазмұнын жоғалтқан мәдениеттің маңызы жоқ, ол жалған мәдениетке айналып, өркениеттің дағдарысына әкеліп соқтырады, оны өмірлік перспективаларынан айырады (Швейцер).

Шынайы өркениет, нағыз өркениеттілік халықтың, адамның күш-қуатын арттырып, ауқатты өмір сүруіне, ең бастысы олардың имандылығы, ізгіліктілігі мен моральдық мінез-құлқының жетілуіне қызмет етуі керек. Өркениет адамның айналадағы дүниемен қандай қарым-қатынастарының қарымын қайтара алады, міне, ол соған қарап бағалануы керек.

Сенім, мораль, мінез-құлық, сондай-ақ Фараби айтқандай, “адамның ойлауына, пайымдауына, ғылыммен айналысуына, жақсы қылық пен жаман қылықты ажырата алуына көмектесетін күш – ақыл-парасат пен сезім – өркениеттің құндылықтары”. Адамдар осынау дәстүрлерге мойынсұнып қана емес, әсіресе қазіргі уақытта өмір сүру жағдайларының талаптарына сай қалыптастын түсініктер негізінде әрекеттенуге тырысады. Кейбір авторлардың жазуынша, мәдениет пен өркениеттің арасында айырмашылықтар да жоқ емес. Сонымен бірге олар бір-бірімен тығыз байланысқан, бірақ бөлек-бөлек ұғымдар. Әлдеқандай сенім мен моральдан – дәстүрлер жүйесінен құралған өркениет үлкен мәдениетті тудыратын қайнар көз болып табылады. Мәдениеттің рухи негізі, әрине сенім, ал әлеуметтік негізі – мораль. Бұлар адамдардың іс-әрекеттерінің барысы мен сипатын анықтайды. Мәдениет – жасалынған нәрселер мен шығармашылық ұмтылыстар. Сонымен бірге ол табиғи жолмен пайда болғанның бәрін қамтиды, ал сырттан енгендер, егер олар халықтың игілігіне айналып сол халықтың болмысына сіңіп кетсе ғана мәдениет мәніне ие болады. Бұлардың

бәрінің артындағы сенім мен мораль жүйесі өркениет болып табылады. Бұл жүйе түгесіле бастағанда өркениет құрдымға бара бастайды.

Өркениеттерді бір-бірінен айырып тұрған нәрсе ретінде олардың негізінде жатқан, серпінді күш пен энергияның қайнар көзі – сенім мен мораль жүйесінің айрықша құндылықтарын көрсетуге болады. Бұл ретте ойға ең алдымен дін келеді. Ағылшын шайыры және зерттеушісі Т.С.Эллиот: «Мәдениет, әсілі әрқандай қауымда болған діннің бір түрі» деген еді. Біздерде бүгіндері мұндай күш – ислам. Біздің барша әдебиетіміз, өлең-жырларымыз, хикая-мысалдарымыз, әпсана-дастандарымыз, нақыл сөздеріміздің бәрінде ислам дінінің әсері бар. Ол – қомақты. Оның жетім-жесірлерге, кедей-кепшіктерге деген қайырымдылық көрсетуге үндеуін сенім мен моральсыз түсіндіре алар ма екенбіз?

Бүгінгі күнде дертке ұшырамаған мәдениет пен өркениет қалмай барады. Өйткені, Батыс өркениетінің заттық, технологиялық, тұтынушылық және заттық рационалдық мән-мағынасы қамтымаған жер мен ел аз қалды.

200 жылдан астам уақыт бойы тұрмыс-тіршілігі жаналану, модернизациялану, заманауилану, Батыстанумен байланысты кешкен Түрік дүниесінің жағдайы мәз емес. Бұл ретте бір шындықты терістеп болмайды: түрік дүниесі бүгінгі мәдениеті мен өркениетіне күш беретін сенімін жоғалтып алды. Мысалы, бүгінгі Түркия өзін Батыс өркениетінің бір бөлегі ретінде көргісі келеді. Біз әрі өзіміздей, әрі басқалардай болуды қалаймыз. Бір жағынан өзіміздің мәдениетіміз бен өркениетімізді қорғамақпыз, екінші жағынан басқалардың мәдениеті мен өркениетін қабылдауды қалаймыз. Нәтижесінде мәдениетіміз бен өркениетіміз өңсіздене түсуде. Сонда біз әрі батыстық, әрі исламдық өркениетті болып, қойыртпақ елге айналудамыз. Мұндайда екі кескінді, екі жүзді адам типін қалыптастырамыз. Бұл типті дүниеде еш жерде қалыпты, дұрыс тұлға ретінде қабылдаған емес. Иә, экономикалық көзқарастарды, идеологиялық режимдерді өзгерте беруге болар. Бір ынтымақтастыққа немесе одаққа кіріп, одан шығып кете аларсыз. Бірақ тамыры тереңге кеткен мәдениетті, сенімді оп-оңай ғана ауыстыра алмассыз. Басқалар сізді тек өзіңіздікінен жаттандырып, өзгеге айналдыруды мақсат тұтады.

Сонда не істемекпіз? Өткендегі мәдениеттен мүлдем сырт айналып кетіп жаңа мәдениет пен өркениетті жарата алар ма екенбіз? Немесе басқалардың өркениеттерінің бірін малданып, өзіміздікінен баз кешіп кете береміз бе? Сондай-ақ таусылған, қалжыраған мәдениетіміз бен өркениетімізді жаңадан жандандырудың жолдарын іздеп таба аламыз ба?

Әрине, түркілер өздеріне сенген кездерінде, күш-күдіреті бар кезінде есіктерін басқалардың өркениеттеріне ашып қойып, мәдени алыс-берістен қорықпады, өздеріне жарамды нәрселерді ғана ала білді. Фараби, Ибн Сина және Мәуленелер өздерінің төл топырағында нық басып тұрғандықтан,

өздерінің мәдени ортасының уызына қанып өскендіктен интеграциялана барып шығармашылықтың биік деңгейіне көтерілді. Қазіргі уақытта да солардың ізінен баруға болар еді. Бірақ, билік тізгінін ұстағандар жастарды олардың өздігіне қарай бағыттай білгенде ғана бұл мақсатқа қол жеткізе алар едік.

Бүгіндері дүниеде ұлттық күштер екі негізді басшылыққа ала отырып дамуын жалғастыруда. Олардың бірі – мықты экономикаға ие болу, екіншісі басқа ұлттарға ілесу үшін арадағы қашықтықты азайту немесе оны мүлдем қалдырмау жолымен жүру бағыты. Басқалары өздерінің мүдделеріне орай ортақ бір одақтастық немесе ынмақтастық төңірегіне бірігуге әрекет етуде. “Бір қолдың несі, екі қолдың сесі бар” деген нақыл бар. Ендеше, түркілер арадағы аз-маз айырмашылықтарды былай қоя тұрып, ортақ бір тіл, сенім, өркениет төңірегінде топтасу арқылы нығая алады. Оның жолы әлі алыс. Әлі күнге дейін ортақ экономикалық, мәдени не болмаса әскери ынтымақтастыққа қол жеткізе алғанымыз жоқ. Бұлардың негізінде сенім мен моральдық қағидалар жүйесі жатуы керек. Сонда ғана түркілер қоғамдаса бастайды. Сондықтан бұл саладағы ортақ құндылықтарымызды ортаға шығарып, бірлесе пайдалана білуіміз керек [5. 60-64]. Өркениетті мәдениеттің биік шоқысы деп білетін авторлар бар (Қырғыз академигі К.Молдобаев). Бұл анықтаманы қабылдайтын болсақ, түркі өркениеті өткен тарих қойнауындағы барша түркілер мәдениеттерінің асыл құндылықтарының жиынтығы болып шығады. Бір мемлекеттің қарамағында, жапсарлас территорияларда өмір сүріп, бір тілде сөйлескен ру-тайпалардың ортақ ойлау, ой жүгірту жүйесінің қалыптасатынын терістеуге болмас. Бұл ретте мәдениетті өркениеттің бір бұтағы, әсіресе рухани түрі ретінде қабылдауға болады. Өркениетті ақыл-ой мен саясатта ғана емес, әдеп пен дін саласындағы салтанат құруы деп қарастыратын болсақ, әрбір ақыл несіне иман парыз екенін естен шығармауымыз керек. Ал, оны өнердің, ғылымның, адамның жан-жүрегінің бостандығы және әділеттіліктің орнығуы мен дамуына қаратылған үдеріс деп анықтайтын болсақ, бұлардың бәрі тағы да адамның руханилығы, гумандылығы мен имандылығына қызмет еткенде ғана шынайы да көркем өркениет дүниеге келмек деп білеміз.

Кейбір авторлар өркениет ұғымына дамыған мемлекеттілікті жатқызады. Бұл да дұрыс. Адамдардың қауіпсіздігі мен өмірлік жағдайларын ғана емес, олардың қарым-қатынастары мен мінез-құлықтарының оңды, оң жаққа қарай өзгеруін халықтық мемлекет қана қадағалай алады емес пе? Және де көптеген еңбектерде материалдық-мәдени өркениеттің негізгі бөліктері ретінде жеке меншік, ақша айналымы, дамыған егіншілік, саудасаттық, қалалық тұрмыс, таптық қоғам, мемлекет, дін, жазу көрсетіледі. Бірақ әр қандай өркениет толығымен материалдық, заттық негізде ғана дамитын болса, дағдарыс пен апатқа ұшыраған Батыстық өркениеттің кебін кимей

қоймайды. Мұны қазіргі өмір көрсетуде. Ал, мәдени-тарихи бағытты ұстанған зерттеушілер тобы дүниежүзіндегі мәдениеттер мен өркениеттер бір әмбебаптық өркениетке айнала алмайды, өйткені бұлай болған жағдайда көптүрлілік жойылып кетеді деп біледі. Тойнби болса, өркениеттің өлшемдері мен белгілері дін, тарих, әдет-ғұрып пен жалпы мәдениеттен құралады деп есептейді. Ол Батыс өркениеті (батыстық секулярлық өркениет) дүниенің барлық халықтарына таралуда, бұл оның бүкіл дүниежүзілік өркениетке айналып бара жатқандығын көрсетеді, дейді. Ал, Дж. Несбиттің пікірінше, батыс өркениеті – әмбебаптық өркениет, сондықтан ол барлық елдер үшін жарамды либералдық демократияның салтанат құра бастауы дүниенің Батыс құндылықтарын сөзсіз қабылдауы болып табылады. Дүниеде батыстануға қарсы тұратын күш қалған жоқ (Фрэнсис Скурьяма). Сорокин капитализм мен социализмнің интеграциялануын жақтаса, Тоффер дүниеде жаңа өркениет пайда бола бастады, деп тұжырады. Батыстану немесе батыстық үлгідегі жаңа өркениеттің пайда болуы жөніндегі пайымдаулар жаһандану теориясымен үндес келетін сияқты. Бұл жөнінде Хантингтон өркениеттердің қақтығысы әскери-экономикалық салада ғана емес, саяси және діни өмірді бақылауға алу ұмтылысында көрініс беруде деп жазды. Бұл Батыс әлемін бірігуге, бірігіп алып қалған дүниеге қарсы тұруға шақырудың идеологиялық шаралары. Әрине, 11 қыркүйектегі қайғылы оқиғаның бір ұшы теңсіздік, әділетсіздік, экспансияға қарсы реакцияның жандануына барып жалғанғандығын түсінбейтін жарандар өз арамызда аз емес.

Б.Б.Арынғазиеваның айтқанындай, “дүниежүзілік біртұтас мәдениетті қалыптастыруға ниеттес, тегін жер жаһандық азаматпын деп көрсетуге бейіл жандардан үрейленемін”. Жоқ, ең алдымен өзімізге қайтуды ойлау ләзім. Есік-терезелерінің бәрін кім-көрінгенге ашып тастамай, қыз-жігіттерінің намысын және халықтың мәдени мұрасын қорғауға мән берген Ниязовқа рахмет!

Өлкетану музейінің қарапайым қызметкері Рысжан Ілиясқызы айтқандай, “Мәдени мұраны” даладағы-қаладағы немесе жол бойындағы ескерткіштерді қорғау ғана десек, қателесеміз. Мәдени мұра – ол сенің тілің, сенің дәстүрің, ол бүкіл болмысың, қазақтың болмысы. Қазақтың болмысын сырттағы қазақ қайдан таниды?! Бізде қазір қазақтың болмысын танытатын дүниелер сиреп барады. Тіпті, қазақтың киіз үйінен де мүлдем айрылдықы кой... Біздің байырғы қалпымыздан айрылып қалғанымыз рас. Өйткені, қазақтың табиғи қалпын сақтаймын деген қазақта ниет те жоқ... Біле-білсек, қазір салт-дәстүрдің өзін де қойыртпақтап алдық кой. Біздің дәстүріміздің бәрі араласып кетті... Қаншама өзгермейтін тәрбиелік маңызы бар дәстүріміз бар еді [6]. Мұндай ой мен сөздің зиялылар, зерттеушілер, әкімдер, ректорлар мен министрлердің аузынан шыға қоюы екіталай. Олардың мақтанышпен айтатыны: зәулім биік сарайлар, қалалар және тағы инвестициялар...

Мұндайда халалдықтың ғимаратын салып, биіктетсе ғой шіркіндер. Саин мен Сейфуллин, сондай-ақ басқа көшелерді жезөкшелерден, құмарпаздардан, қызтекелер салондарынан (Қызғылт арай) тазартуға құлшына кірісілгенімен, әзірге олардан ел мен жеріміз арыла қойған жоқ.

Не істеу керек? Ие керек, елге қожайын қажет. «Мемлекеттік тілдің бағын ашса, тек Елбасы ашады», – деп академик С.Зиманов айтқандай [7], қазақы болмысты тек шын Ұлттық мемлекет қана сақтап, қорғай алады. Ол ондай мемлекетті аңсаған халықтың күшімен ғана құрылмақ. Мұндай мемлекетті құруға құлшынған халық бар ма екен? Дәстүр болса бәрі де болар еді ғой. 15 жылдың ішінде бірсыпыра ұлттық құндылығымызды түгендеп алуға болар еді. Әзірге басшыларға ынсап, тауфық берсін дегеннен басқа айтарымыз қалмады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Культурология. Основы теории и истории культуры. Учебное пособие. Род ред. И.Ф.Кефели. – Спб., 1996.– С.Н.
2. XX ғасыр мәдениетінің антропологиясы. – Алматы. “Жазушы”. – 2005.
3. XX ғасыр мәдениетінің өркениеті. Алматы, «Жазушы», Т.1, 2006.
4. Смайлс Самуэль. Характер. Спб., 1880.
5. Fahri Unan, Yeni medeniyetimizin muharnik unsuru ne olacak? // Үчүнчү миң жылдықтың босогосунда түрк цивилизациясы. – Бишкек. 2003.
6. “Түркістан” газеті, 2007 жыл, 1 ақпан, №5.
7. “Егемен Қазақстан”, 2006 ж, 27 қазан.

RESUME

Abusharip S. (Turkistan)
Spirituality and Civilization

The author deals with the opinions about the culture and civilization and lysing diffent opinions according to cognitive research methods in each spheres of the science about the civilization and culture.